

**Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 156 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 шілдеде № 4147 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 93 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 16.03.2018 № 93 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9), тармақшаларына сәйкес Созақ қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе атаанасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 412 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін

айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3913 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 14 желтоқсандағы "Созақ үні" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Б.Әлмағанбет*

Созақ ауданы әкімдігінің  
"20" маусым 2017 жылғы  
№ 156 қаулысына 1-қосымша

## **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа оналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Созақ ауданы ұйымдарының тізімі**

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Созақ аудандық емханасы" мемлекеттік қонақорлық қазыналық кәсіпорны	417	1	1
2	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Созақ аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік қонақорлық қазыналық кәсіпорны	241	1	1
3	"Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	136	1	1
4	"Волковгеология" акционерлік қоғамының филиалы "№ 5 Геологиялық барлау экспедициясы"	685	1	1
5	"Сауда көлік компаниясы" ЖШС филиалы " Орталықтандырылған автотасымалдау базасы"	778	1	2
6	"КАЗАТОМПРОМ –SaUran" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1360	2	2
	Барлығы:	3617		8

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы белгіленетін Созақ ауданы ұйымдарының тізімі**

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Созақ аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	417	1	1
2	"Волковгеология" акционерлік қоғамының филиалы "№ 5 Геологиялық барлау экспедициясы"	685	1	1
3	"Сауда көлік компаниясы" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Орталықтандырылған автотасмаздау базасы" филиалы	778	1	1
4	"КАЗАТОМПРОМ –SaUran" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1360	1	1
	Барлығы:	3240		4

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленетін Созақ ауданы ұйымдарының тізімі**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын, жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
	"Созақ ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Т.Әлімқұлов			

1	атындағы № 14 мектеп интернат-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	223	1	1
2	"Созақ" жалпы орта мектеп-гимназиясы	231	1	1
	Барлығы:	454		2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК